

Мәслихаттың 2013 жылғы 2 қыркүйектегі № 145 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 392 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 сәуірде № 9090 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2020 жылғы 19 тамыздағы № 426 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 19.08.2020 № 426 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының бабына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 2 қыркүйектегі № 145 шешіміне (2013 жылғы 17 қазанда "Лисаковская новь" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4221 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Лисаков қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;";

2-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) ең төмен күнкөріс деңгейі – Қостанай облысындағы статистикалық орган есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;";

2-тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"8) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын облыстық маңызы бар қаланың халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органы;";

2-тармақтың 9) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"9) участелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Лисаков қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия,";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға .";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Әлеуметтік көмек мерзімді (ай сайын, жартыжылдықта 1 рет):

1) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне, тұрмыстық қажеттіліктеріне, 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде табыстарын есепке алмай;

2) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан теңестірілген адамдарға, соғыс қатысуышыларына жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан теңестірілген адамдардың басқа санаттарына, табыстарын есепке алмай, тұрмыстық қажеттіліктеріне, 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) Қазақстан Республикасы оқу орындарында білім алуға байланысты нақты құны бойынша оқуға ақы төлеу үшін алғашқы техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейін немесе жоғары білім (бұдан әрі – білім) алған тұлғаларға, мемлекеттік бюджеттен өзге төлемдердің түрлерін алушыларды, білім беру гранттарының иелері болып табылатын адамдарды есептемегендеге, оқу жылы ағымында екі бөлікпен аударылатын 400 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде, оның ішінде:

өтініш жасаудың алдындағы соңғы он екі айда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен (бұдан әрі – ең төмен күнкөріс деңгейі) төмен табыстары бар отбасылардың жастарына;

жергілікті бюджет қарожаты есебінен оқуын жалғастыратын халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын жастарға табыстарын есепке алмай ;

мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасында ұсынымы бар барлық санаттағы мүгедектерге табыстарын есепке алмай.";

7-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

7-тармақтың 5) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"5) жүгінген тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейі шамасынан төмен табыстары бар отбасылардың адамдарына қайтыс болған күні жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген, қайтыс болған туыстарын, жұбайларын жерлеуге, сондай-ақ табысы аз отбасылардың кәмелетке толмаған балаларын жерлеуге, 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде";

7-тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс Күніне орай, 1000000 (бір миллион) теңге мөлшерінде, табыстарын есепке алмай";

7-тармақтың 9) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"9) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектерге теңестірілген адамдарға Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай, табыстарын есепке алмай:

қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына 100000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдарына, яки сол кездерде қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда болған адамдарға 100000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі

) және теңізші бала ретінде болған адамдарға 100000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одактастарына қарсы ұрыс қымылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдарға 100000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

Қатынас жолдары халық комисариаты, Байланыс халық комисариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жұзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комисариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мұдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлеріне, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелеріне 100000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге 100000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

әскери міндеттін орындау кезінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан яки майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдарға 100000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына 100000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 60000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина Совет Социалистік Республикасы, Беларусь Совет Социалистік Республикасы, Литва Совет Социалистік Республикасы, Латыш Совет Социалистік Республикасы, Эстония Совет Социалистік Республикасы аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік

батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндептін атқаруға кезінде жарапануы, контузия алуы немесе закымдануы салдарынан мүгедек болған адамдарға 60000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) әскери қызметшілердің ата-аналарына және екінші рет некеге тұрмаған жұбайларына 60000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (куйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысуышылардың, партизандардың, астыртын құрес жүргізушилердің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдеріне (куйеулеріне) 30000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға 30000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

соғыс қатысуышылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан теңестірілген басқа да санаттағы адамдарға 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.";

8-тармақтың бірінші абзацы орыс тілінде жаңа редакцияда жазылсын, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді.

12- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген, осы Қағидалар қүшіне енгенге дейін оны алған адамдар ай сайнғы әлеуметтік көмек алу үшін алушылардан өтініштер мен құжаттар талап етілмей көрсетіледі. Жаңадан келген өтініш берушілер өтінішті келесі құжаттармен қоса ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) өтініш берушінің әлеуметтік мәртебесін растайтын құжатты ұсынады.";

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын күэландыратын құжатты;
- 2) Үлгілік қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 3) осы Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасы екінші абзацында, 7-тармағының 5), 6) тармақшаларында көрсетілген адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 4) өмірлік қызын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессиясының төрағасы*

*Қалалық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы*

*A. Демисенов*

*И. Неявко*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШДЖҚ РМК